Әділет

# Солтүстік Қазақстан облысының су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу туралы

## *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2007 жылғы 28 мамырдағы N 123 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті 2007 жылғы 25 маусымдағы N 1647 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 9 сәуірдегі N 120 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 9.04.2015 N 120 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңы 27-бабы 1-тармағы 8-1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі N 481 Су кодексінің 39-бабы 2) тармақшасына және 116-бабы 2-тармағына, "Су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 16 қаңтардағы N 42 қаулысына сәйкес, су объектілерінің ластануын, қоқысталуы мен сарқылуын болдырмау мақсатында облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Преамбулаға өзгерту енгізілді - Солтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 13.09.2010 N 248 Қаулысымен

1. Мыналар белгіленсін:

1 қосымшаға сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулері;

2 қосымшаға сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін шаруашылық пайдалану режимі.

2. Солтүстік Қазақстан облысының табиғат ресурстары және табиғатты пайдалануды реттеу басқармаға жобалық құжаттаманы Солтүстік Қазақстан облысының жер қатынастары басқармасына жерге орналастырудың жобасын орындауды ұйымдастыру үшін белгіленген тәртіпте тапсырсын.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Солтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 13.09.2010 N 248 Қаулысымен

3. "Есіл өзені, Петропавл және Сергеевка су бөгендері мен оларға құятын шағын өзендерге су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерін белгілеу туралы" (тіркеу N 872, 2003 жылғы 4 сәуірден "Северный Казахстан", 2003 жылғы 7 сәуірден "Солтүстік Қазақстан" газеті) Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2003 жылғы 5 наурыздағы N 43 қаулысының күші жойылды деп

таныл сын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А.С. Сапаровка жүктелсін.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - Солтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 13.09.2010 N 248 Қаулысымен

5. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

Облыс әкімдігінің 2007 жылғы 28 мамырдағы N 123 қаулысына 1-қосымша

## Солтүстік Қазақстан облысының су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулері

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 15.07.2014 N 239 Қаулысымен

| Р/с № | Көлдің атауы | Орналасқан жері( селолық округ, елді мекен) | Су айдынының алаңы (гектар) | Су қорғау аймағының ені (метр) | Су қорғау белдеуінің ені (метр) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| Есіл өзені | | | | 1000 | 100 |
| Ақанбұрлық өзені | | | | 500 | 100 |
| Иманбұрлық өзені | | | | 500 | 100 |
| Көлдер | | | | | |
| Айыртау ауданы | | | | | |
| 1 | Байсары | Лобанов, Лобаново | 350 | 500 | 50 |
| Аққайың ауданы | | | | | |
| 1 | Кіші Тоқшын | Тоқшын, Тоқшын | 33 | 300 | 50 |
| 2 | Шағалалы Теңіз | Қиялы | 7800 | 500 | 50 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3 | Базарал | Аралағаш, Аралағаш | 577 | 500 | 50 |
| 4 | Байсал | Аралағаш, Амангелді | 128 | 300 | 50 |
| 5 | Ақсуат | Аралағаш, Рублевка | 303 | 300 | 50 |
| 6 | Круглое | Аралағаш, Рублевка | 93 | 300 | 50 |
| 7 | Кіші Балықты | Смирнов | 235 | 500 | 50 |
| 8 | Жалтыр | Григорьев, Григорьевка | 269 | 500 | 50 |
| 9 | Құндыкөл | Полтавский, Полтавка | 68 | 300 | 50 |
| Есіл ауданы | | | | | |
| 1 | Полоустное (Полонское) | Петров, Покровка, Петровка | 33 | 300 | 50 |
| Жамбыл ауданы | | | | | |
| 1 | Екатеринов-ское | Қазан, Екатериновка | 471 | 500 | 50 |
| 2 | Питное | Железнинский, Богатое | 108 | 300 | 50 |
| 3 | Курганское | Қазан, Усердное | 162 | 300 | 50 |
| 4 | Кабань | Первомай, Кабань | 79 | 300 | 50 |
| 5 | Суаткөл | Жамбыл, Амангелді | 68 | 300 | 50 |
| 6 | Мұжық | Озерный, Майбалық | 65 | 300 | 50 |
| 7 | Жалтырша | Майбалық, Жалтырша | 24 | 300 | 50 |
| 8 | Далагүл | Благовещен, Майбалық | 46 | 300 | 50 |
| 9 | Питное | Преснов, Островка | 350 | 500 | 50 |
| 10 | Жекекөл | Благовещен, Благовещенка | 99 | 300 | 50 |
| 11 | Жарағаш | Благовещен, Благовещенка | 87 | 300 | 50 |
| 12 | Лапушки | Железнин, Лопушки | 22 | 300 | 50 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 13 | Купальное | Железнин, Лопушки | 34 | 300 | 50 |
| 14 | Лагерное | Преснов, Пресновка | 182 | 300 | 50 |
| 15 | Шырықмай | Майбалық, Жалтырша | 31 | 300 | 50 |
| 16 | Ақбалық | Озерный, Ақбалық | 77 | 300 | 50 |
| Қызылжар ауданы | | | | | |
| 1 | Логуново | Соколов, Соколовка | 45 | 300 | 50 |
| 2 | Сергино | Налобин- Виноградов, Сергино | 135 | 300 | 50 |
| 3 | Дубровное | Налобин, Дубровное | 127 | 300 | 50 |
| 4 | Гайдуково | Налобин, Гайдуково | 149 | 300 | 50 |
| 5 | Жалтыр | Рассвет, Рассвет | 176 | 300 | 50 |
| 6 | Лебеденок | Налобин | 338 | 500 | 50 |
| 7 | Сиверга | Налобин | 291 | 500 | 50 |
| 8 | Соленое | Лесной-Якорь | 287 | 500 | 50-75 |
| 9 | Пестрое | Петропавл, Прибрежный, Тепличное | 137 | 300 | 35-50 |
| 10 | Лебяжье | Вагулин, Вагулино | 523 | 500 | 50 |
| 11 | Бугровое | Бугров, Бугровое | 68 | 300 | 50 |
| 12 | Земляное | Бугров, Бугровое | 47 | 300 | 50-55 |
| Мамлют ауданы | | | | | |
| 1 | Белое | Белов, Белое | 349 | 500 | 100 |
| 2 | Щучье | Белов, Щучье | 75 | 300 | 50 |
| 3 | Студеное | Белов, Студенное | 41 | 300 | 50 |
| 4 | Степное | Белов, Прогресс | 23 | 300 | 50 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 5 | Казачье | Дубровин, Михайловка | 9 4 | 3 0 0 | 5 0 |
| 6 | П р у д | Краснознамен, Беловка | 5 1 | 3 0 0 | 5 0 |
| 7 | Кривые | Дубровин, Дубровное | 1 1 1 | 3 0 0 | 5 0 |
| 8 | Каменное | Белов, Белое | 2 3 5 | 5 0 0 | 1 0 0 |
| 9 | Чистое | Белов, Чистое | 1 3 8 | 3 0 0 | 5 0 |
| 10 | Меңгесер | Қызылəскер-Новомихайловка | 3 6 8 5 | 5 0 0 | 1 0 0 |
| 11 | Бесқамыс | Краснознамен, Калугино | 4 3 | 3 0 0 | 5 0 |
| 12 | Федосейкино | Воскресенов, Воскресеновка | 4 5 | 3 0 0 | 50-55 |
| 13 | Жаргино | Белов, Белое | 1 0 8 | 3 0 0 | 5 0 |
| 14 | Каменное | Белов, Мамлютка | 6 2 | 3 0 0 | 5 0 |
| 15 | Таловое (Талое) | Пригородный, Покровка | 6 5 | 3 0 0 | 5 0 |
| 16 | Беленок | Белов, Белое | 5 4 | 3 0 0 | 5 0 |
| 17 | Уделово | Белов, Прогресс | 4 8 | 3 0 0 | 5 0 |
| 18 | Уделенок | Белов, Прогресс | 4 4 | 3 0 0 | 5 0 |
| 19 | Краснознаменское | Краснознамен, Краснознаменка | 4 3 | 3 0 0 | 5 0 |
| 20 | Прудок | Краснознамен, Калугино | 4 0 | 3 0 0 | 5 0 |
| 21 | Тетеркино | Белов, Студенное | 2 7 | 3 0 0 | 5 0 |
| 22 | Куропаткино | Белов, Студенное | 2 3 | 3 0 0 | 5 0 |
| 23 | Үлкен Черок | Дубровин, Михайловка | 1 7 8 | 3 0 0 | 5 0 |
| Ғабит Мүсірепов атындағы аудан | | | | | |
| 1 | Ұлыкөл | Бірлік, Рузаевка | 2 1 9 8 | 5 0 0 | 5 0 |
| 2 | Шарық бөгені | Андреевка, Қоқалажар, Андреевка | 2 4 3 | 5 0 0 | 1 0 0 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Мағжан Жұмабаев ауданы | | | | | |
| 1 | Бірінші | Лебяжі, Лебяжье | 23 | 300 | 50 |
| 2 | Екінші | Лебяжі, Лебяжье | 20 | 300 | 50 |
| 3 | Зарослое | Гаврин, Зарослое | 152 | 300 | 50 |
| 4 | Рявкино | Фурманов, Рявкино | 281 | 500 | 50 |
| 5 | Питное | Полудин, Полудино | 872 | 500 | 50 |
| Тимирязев ауданы | | | | | |
| 1 | Ақсуат | Дзержинский-Москворецк, Москворецкое | 1607 | 500 | 50 |
| 2 | Жарқын | Дмитриев, Дмитриевка | 467 | 500 | 50 |
| 3 | Дмитриевка | Дмитриев, Дмитриевка | 26 | 300 | 50 |

Облыс әкімдігінің 2007 жылғы 28 мамырдағы N 123 қаулысына 2-қосымша

## Солтүстік Қазақстан облысының су объктілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулерінің шаруашылық пайдалану режимі

1. Елді мекендерде су қорғау аймағы шегінде су объектісінің ластануы мен қоқыстануын болдырмайтын пайдалану режимі сақталу керек.

2. Елді мекендер шегінде бедеулердің шекарасы оларды салу мен жоспарлаудың, су объектісінің ластануын болдырмайтын жағалау аймағын міндетті түрде (парапеттер, орағытып өту, орман-бұта белдеулері) ескере отырып, белгіленеді.

3. Су қорғау аймағында жол берілмейді:

1) су объектілері мен олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерін ластанудан сақтайтын құрылыстар және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа және қайта құрылған ғимараттарды пайдалануға беруге;

2) тыңайтқыштар, пестицид, улы химикаттарды, мұнай өнімдерін сақтауға арналған қоймаларды, техникалық қызмет көрсету және автомашиналар мен ауыл шаруашылық техникаларын жуу пункттерін, механикалық шеберханаларды, өнеркәсіп қалдықтары мен қоқыс тастайтын жер құрылысын, мал көрін, аппараттарға пестицидтермен және улы заттар құюға арналған алаң,

авиация-химиялық жұмыстар жүргізуге арналған ұшып-қонатын жолақты орналастыруға және құруға, сондай-ақ су сапасына кері әсер ететін басқа объектілерді орналастыруға;

3) құрылыс, терендетіп қазуға және жару жұмыстар өндірісі, пайдалы қазбаларды табуға, кабель, құбыр және басқа коммуникациялар жүргізуге, бұрғылауға, ауыл шаруашылық және белгіленген тәртіпке сай жобасыз басқа жұмыстарға;

4) су көзінің су қысқасынан 2000 м. кем емес қашықтықта ауыл шаруашылық дақылдары мен ағаш екпелерін улы химикаттар және минералды тыңайтқыштармен авиа өңдеуді қолдануға;

5) нормаланбаған малды бағуға, оларды шомылдыруға және санитарлық өңдеуге, су тоғанының режимін нашарлататын басқа да шаруашылық қызметінің түрлеріне.

Су қорғау аймағын өңдеу кезінде санитарлық эпидемиологиялық қортынды негізінде аз және орташа уытты улы химикаттар қолданылады.

6) зираттарды, мал қорымдарын, ассенизация талабын, сүзгі талабын, сүрлем орларын, жер беті мен астының микробтық ластану қауіпі бар мал шаруашылығы мен құс шаруашылығы кәсіпорындарын және басқа да объектілерді орналастыруға;

7) радиоактивті және уытты заттарды су тоғандарына тастауға және көмуге;

8) су тоғандарының ағынды суларына тазарту құрылғысы жоқ және нормаларға сәйкес тазарту қамтамасыз етілмеген кәсіптік және тағам объектілерін тастау;

9) су тоғандарында радиоактивті және уытты заттар шығаратын технологиясын пайдаланатын жарылғыш жұмыстарын жүргізуге;

10) су тоғандарында тұрғындар мен қоршаған ортаның денсаулығына зиян келтіретін технология мен техниканы пайдалануға;

11) су тоғандарына өндірістік, тұрмыстық, қатты заттарды тастау мен сол жерде көмуге;

12) су алынатын алаңдар мен мұз бетінің ластануы, сонымен қатар жағалардың қатты, өндірістік, тұрмыстық және басқа қалдықтармен батып қалуына;

13) құрақты жырту және құрғақ өсімдіктерді күйдіру, ағаштарды бұзу мен кесу (күтіп-баптау мақсатында кесу мен санитарлық кесу ғана рұқсат етіледі);

14) су тоғандарына ағындарды тазалап алмай, өндірістік-жауындық, мал шаруашылық және ластанған суды жіберуге;

15) ПДК орнатылмаған пестицидтерді қолдануға, қар бетіне тыңайтқыштар себуге, тыңайтқыш ретінде зиянсыз етілмеген құрамында қи бар ағын сулары мен тұрақты хлорорганикалық улы химикаттарды пайдалануға;

4. Су қорғау белдеулері шегінде 3 тармақта көрсетілген шектеулерден басқа жол берілмейді:

1) жер жыртуға, мал бағуға, ағаш-бұта өсімдіктерін кесуге;

2) органикалық және минералдандырылған тыңайтқыштарды, улы химикаттарды және пестициттерді қолдануға;

3) палаталы қалашықтарды, тұрақты автомобиль тұрағын, малға арналған жазғы лагерьлерді орнатуға;

4) су реттегіш құрылғысы, кеме айлағы, жағаны бекітетін жұмыстар сонымен қатар табиғатты қорғау органдары мен жоба бойынша келісілген демалыс орындарынан басқа табиғи ортаға зиян келтіретін құрылыстың барлық түрі, шаруашылық және тағы басқа іс-әрекеттерді;

5) саяжайға арналған учаскелерді беруге.

5. Су қорғау аймақтарын ұйымдастыру сумен жабдықтау, курорттық, сауықтыру және өзге де халық мұқтаждары үшін пайдаланылатын су көздерін санитарлық қорғау аймақтарын құру қажеттілігін жоққа шығармайды, олардың шекаралары мен көлемдері халықтың санитарлық-эпидемиологиялық жағдайы нысанындағы қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес белгіленеді.

6. Су қорғау аймағы шегінде орналасқан пайдалануға берілген жерлері бар жеке және заңды тұлғалар су қорғау аймағы мен жолақтарында су қорғау аймағын шаруашылық пайдалану режимін және оның аумағын сақтау керек.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК